

Қазақстан Республикасының
білім және ғылым министрлігі

Министерство образования и науки
Республики Казахстан

І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті

Жетысуский университет
им. И. Жансугурова

«03» сентября 2024 ж.

№ 2 хаттама

ХАТТАМА ШЕШІМ

Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес
отырысы

Төраға – А.К.Катенов

Хатшы – Т.А.Ашир

Қатысқандар: 12 адам (тізім тіркелген)

Күн тәртібінде:

1. Жаратылыстану-техникалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі.
(Комиссия: Наубаева Хапиза Танирбергеновна, Таубалдиева Жуматай)
2. Университет студенттерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға байланысты сауалнаманың жүргізілуі.
3. ЖОО-ғы «Таза сессия» акциясының өткізілуі туралы.
- 4.Әр түрлі.

1. ТЫНДАЛДЫ: А.К.Катенов: Сәлметсіздер ме құрметті әріптестер! Жиналып отырған екінші кеңесімізді бастайық. Ең алғашымен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жаратылыстану техникалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебін естийік.

Х.П.Наубаева: Қайырлы күн құрметті әріптестер! Жаратылыстану – техникалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары ойдағыдай өтілген. Себебі, жаратылыстану техникалық факультетінің кафедрасы жоспар бойынша өз міндеттерін жақсы атқарған яғни, жоспарланған немесе өткізілген мәнді іс-шараларды өз мәліметтерінде бізге көрсетті. Сонмен қатар біз аудиториямен, пән мұғалімдермен сөйлесіп, жұмыс жасадық.

Жалпы жаратылыстану – техникалық факультетінде 45 профессор оқытушы құрамы қызмет атқарады, оның ішінде 13 – кандидат, 26 – магистр, 5 – Phd доктор бар. Бар факультетте 614 білімгер бакалавриатта, 61 білімгер магистратурада оқиды. Біз олардың жоспарланған іс-шараларын және оқыту бағдарламасымен толығымен танысып өттік.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы айтып кетсек. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілетін іс-шаралары туралы жоспар бар және де біз оны алып келдік. Сондағы қараша айындағы және ай сайын өтетін іс-шаралар бөлек тақырыптар көрсетілген, өткізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және парасаттылыққа тақырыптар бойынша кураторлық сағаттар жүргізіледі. Кураторлар өздері тест құрау немесе басқа да көріністер арқылы анықтама алу үшін өткізеді. Оған әрбір куратор кеңестің төрағасы жауапты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер клубы жаңартылды, яғни қыркүйек айында деканның тәрбие іс жөніндегі орынбасары Қаскырбаев бұл іс-шараны ұйымдастырды. Бұның барлығы біздің Жетісу университетінің сайтына салынып, көрсетілген.

Сонымен қатар мен І.Жансүгіров атындағы №1 жатақханаға ал Таубалдиева Жуматай №3 жатақханаға барды. Білімгердің қалай орналасқанын көрдік. Осыдан оқытушылармен кездескенде және сұрақ-жауап сұхбаттан олардың жатақханадағы өздерінің міндеттерін, жалпы ережесін білетінін байқадық. Сонымен қатар оқытышулар өтте мәдениетті және тәрбиелі болды. Ары қарай Таубалдиева Жуматай жалғастырса.

Ж.Таубалдиева: Мен ең алдымен этикаға қатты көңіл бөлдім. Жаратылыстану-техникалық факультетінде Наубаева Хапиза Танирбергеновнамен бірге жүргенде пән мұғалімдердің және оқытушылардың жүрген жүрісіне, сөйлеу қабілетіне немесе тағы да басқа іс-қимылдарын байқағанда олардың өтте мәдениетті екенін байқадым. сонымен қатар мен мәдениетіміз туралы мәлімет беріп отырғанда білімгерлер кері байланыс беріп, кей бір жерлерде қолдап отырды. Тағыда жалпылама «Этика» не екенін айту барысында оқытушылар тамсана тыңдап, оларға қатты ұнады.

А.К.Катенов: Осыған байланысты менің біренеше сұрағым бар. Бірінші, жаратылыстану-техникалық факультетінде академиялық адалдыққа байланысты оқыту жұмысы бар ма? Екіншісі, біздің факультеттерімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты «Үздік постер» жүргізіледіме? Үшіншіден, бірінші семестрде студенттер арасында академиялық бұзушылық жағдайлар болды ма?

Х.П.Наубаева: Академиялық адалдық оқыту жұмысы бар. Оны көбінесе кураторлар аудиторияда немесе сессия алдында дөңгелек үстел, сұрақ-жауап арқылы өткізеді.

«Үздік постер» туралы жаратылыстану-техникалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа байланысты жоспарында бар. Ол 2025 жылдың ақпан айында жоспарлануда және оған жауапты Нуржан Койчубеков.

Академиялық бұзушылық туралы айтсақ жаратылыстану-техникалық факультетінде сабаққа қатыспаған оқытушылар бар дегенімен оларда анықтамалары бар. Ал мүлдем сабаққа келмейтін оқытушылар жоқ деп айтты.

А.К.Катенов: Енді жаратылыстану-техникалық факультетінің деканы Андасбаев Ерлан Сулейменович тыңдайық. Мен айтқым келеді ол тәжірибелі декандардың бірі ол өмір бойы декан болып жұмыс істеді. Сіздің ойыңызша

заманауи студенттердің жаңа формаларын жұмыс әдістерін қалай табасыз? Біз мұны барлық факультеттердің негіздеріне ала аламыз. Осы туралы сіздің кәсіби және жаңа ойларыңыз туралы естігіміз келіп отыр.

Е.С.Андасбаев: Ең алдымен Наубаева Хапиза Танирбергеновна, Таубалдиева Жуматай көп рахмет айтқым кеп отыр. Біздің факультетке келіп барын бағалағандарыңызға. Заманауи студенттердің жаңа формалары мен жұмыс әдістері қоғамдағы технологиялық өзгерістермен тығыз байланысты. Олардың оқу процесі көбінесе инновациялар мен цифрландырумен байланысып, әртүрлі жаңа тәсілдер мен құралдарды қолдануға негізделген. Олар цифрлық технологиялар, активті оқыту әдістері, командалық жұмыс және тағы да басқа.

А.К.Катенов: Рахмет жауаптарыңызға! Ал енді екінші сұраққа көшсек. Университет студенттерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға байланысты сауалнаманың жүргізілуі туралы Жайық Тазабекұлы мен Исламжанова Гульнара Балабековна айтады.

Ж.Тазабекұлы: Университет студенттерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері әртүрлі факторлармен байланысты болуы мүмкін. Бұл мәселелер әлеуметтік, экономикалық және ұйымдық аспектілермен тығыз байланысты. Төменде студенттер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сипаттайтын бірнеше негізгі факторлар мен жағдайлар: экономикалық жағдайлар мен материалдық жағдайы, әкімшілік процестер мен оқу жүйесі, әлеуметтік және психологиялық қысым, әділетсіз немесе ашық емес оқу процесі, білім беру мекемелерінің ішінде мәдениет пен этиканың болмауы және тағы да басқа. Университет студенттерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға байланысты сауалнаманың жүргізілуі туралы Исламжанова Гульнара Балабековна сөз берейік.

Г.Б.Исламжанова: Біз әр білімгердің жеке кабинетінде (онлайн платформасында) сыбайлас жемқорлыққа байланысты сауалнама өткіздік. Осы сауалнаманың нәтижесін сіздерге көрсетпекпім. Барлығы 1473 студенттер осы сауалнамаға қатысты. Сонымен қатар әр факультеттен неше пайыз адам қатысқанын көре аламыз (ең көбі ол гуманитарлық факультет, ал ең азы физика-математикалық факультет). Осы сауалмада (сіздің ойыңыз бойынша сыбайлас жемқорлық ол не?, біздің университетімізде сыбайлас жемқорлық бар ма?, сыбайлас жемқорлықты кездестірген жағдайда сіз ол туралы хабарлайсыз ба?) және тағы да басқа сұрақтар болды.

А.К.Катенов: Ал әріптестер осы осы жиналыста барлық сұрақтар қарастырылды деген ойдамын. Сұрақтарыңыз немесе тағы да қосымша кеңестеріңіз болса айтыңыздар. Жаратылыстану-техникалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы Наубаева Хапиза Танирбергеновна мен Таубалдиева Жуматайдың есебін тыңдадық, университет студенттерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға байланысты сауалнаманың жауаптарын анықтадық. Бүгінгіне өте жақсы жұмыстар жүргізілді деген ойдамын. Барлығыңызға рахмет!

Шешімі:

1. Физика математикалық факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебін Ансабаев Дүйсен Сандыбаевич және Исламжанова Гульнура Балабековна тексеріс өткізсін.
2. Материалдық - техникалық қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есебі дайындалсын.
3. Топ кураторлары жатақханаға келіп өз білімгерлеріңізбен тәрбие сағаттарын өткізілсін.

Комиссия төрағасы


(өз қолымен)


Катенов А. К.

Хатшы


(өз қолымен)

Ашир Т. А.

Қатысушылар парағы

№	Аты-жөні, тегі	Қолы
1.	Катенов Амангельды Камалович	
2.	Сериев Болат Абдулдаұлы	
3.	Ансабаев Дүйсен Сандыбаевич	
4.	Смагулов Есенгали Жексембаевич	
5.	Наубаева Хапиза Танирбергеновна	
6.	Таубалдиева Жуматай	
7.	Молдабеков Болат Есенгалиевич	
8.	Канагатов Жамбыл Жолдыбаевич	
9.	Бабаш Диас Бекмұқамбетұлы	
10.	Койчубеков Нуржан Абдыгалиевич	
11.	Исламжанова Гульнура Балабековна	